

## EXPO-2017: болашақ энергиясы

*Энергия - бұл табиғаттың көзі,  
адамдардың даму шарттарын  
стимулдарын қарастырады.*

«Эkolife» экологиялық клубы «EXPO - 2017: болашақ энергиясы» атты дөңгелек үстел өткізді. Іс-шараға агрономия факультетінің бірінші курс студенттері белсенді қатысты және де «Посади дерево» ұйымының басшысы Низамутдинова Земфира Махмедовна қонақ ретінде қатысты. Дөңгелек үстелдің негізгі мақсаты «EXPO – 2017» атты экологиялық бизнес жобасын қорғау. Мысалы Экология мамандығының 107 топ студенттері «Табиғат жанашырлары» деп аталатын, Өсімдік қорғау және карантин мамандығының 109 топ студенттері «Болашақ» деп аталатын топтар таныстырылымын жоғары дәрежеде көрсетіп шықты.

Бұдан басқа да қатысқан топтардың атауы және кредосы бағаланды. Бұл байқауда «Green future», яғни аударғанда «Жасыл болашақ», ұрандары «Жасыл болашақ–келешек ұрпақты ойла» деп аталатын, Экология мамандығының 108 топ студенттері ең үздік деп танылды. Соңғы шешуші кезеңде экологиялық есептерді шығару болды. Бұл кезеңде бәйгенің бас жүлдесін иемденген, Агрономия мамандығының 104 топ студенттерінен құралған «Челوماки» тобы болды. «Green future» тобы да үздік көрсеткішке қол жеткізді. Дөңгелек үстелдің барлық кезеңі қорытындысы бойынша әділқазы алқасы 1 дәрежелі дипломмен «Green future» тобын, 2 дәрежелі дипломмен «Челوماки» тобын, 3 дәрежелі дипломмен «Болашақ» тобын марапаттады. «Табиғат жанашырлары» тобы белсенді қатысқаны үшін дипломымен марапатталды. «EXPO - 2017: болашақ энергиясы» атты дөңгелек үстелге қатысушы студенттер тың ой-пікірлерімен алмасып, дүниетанымдары кеңейіп, естен кетпес әсерлі көңіл күй қалдырды.

